

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 10 шілде N 1045

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы қаласының мәртебесі және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 20 қазандағы N 3698 U973698 _ Жарлығының және "Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі Заңына Z980258_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405

P990405_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Алматы қаласы" бөлімінде:

реттік нөмірі 73-жол алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 292-30-жолмен толықтырылсын:

"292-30 АЛА-001638 "Алматыметроқұрылыс" АҰАҚ".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК